

ЮНИСЕФ-ке Қазақстан Республикасы Үкіметінің үлестік жарнасын төлеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 12 қараша N 1690

"Қазақстан Республикасын вакцинамен қамтамасыз ету туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЮНИСЕФ арасындағы келісімді жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 24 қаңтардағы N 77 P950077_ қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1999 жылға арналған республикалық бюджетте кезек күттірмейтін мемлекеттік мұқтаждарға көзделген қаражаттың есебінен Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне, вакциналарды сатып алу үшін ЮНИСЕФ-ке Қазақстан Республикасы Үкіметінің үлестік жарнасын төлеуге, теңгелік баламамен 171691 (бір жүз жетпіс бір мың алты жүз тоқсан бір) АҚШ долларын бөлсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі вакциналарды сатып алу үшін 171691 (бір жүз жетпіс бір мың алты жүз тоқсан бір) АҚШ доллары сомасында ЮНИСЕФ-ке Қазақстан Республикасы Үкіметінің үлестік жарнасын төлеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бөлінетін қаражаттың мақсатты жұмсалуына бақылауды жүзеге асырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

О қ ы ғ а н д а р :

Қ о б д а л и е в а Н . М .

Орынбекова Д.К.